

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

«Компьютерлік технологиялар» кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
Ф.-м.ғ.д., проф. Құралбаев З.Қ.

(КОЛЫ)

« _____ » _____ 2014 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Smart мобильдік қосымшасын құру»

5В070400 – «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
мамандығы бойынша

Орындаған Сапар Ержан тобы: ВТк-10-02

Жетекші аға оқытушы Рахимжанова З. М.

Keңесшілер :

Экономикалық бөлім бойынша :

доцент Боканова Г.Ш.

« 11 » 06 2014ж.

(колы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:

т.ғ.к., аға оқытушы Муташева Г.С.

« 29 » 05 2014 ж.

(колы)

Есептеу техникасын қолдану бойынша :

аға оқытушы Рахимжанова З. М.

« _____ » _____ 2014 ж.

(колы)

Мөлшер бақылаушы:

аға оқытушы Рахимжанова З. М.

« _____ » _____ 2014 ж.

(колы)

Пікір жазушы :

ҚазНУ, информатика кафедрасының доценті, т.ғ.д.

« 29 » мамыр 2014 ж.

(колы)

Муқимбетов М. Ж.

Алматы 2014

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

«Ақпараттық технологиялар» факультеті
«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы
«Компьютерлік технологиялар» кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Сапар Ержан Жайлаубайұлына

Жоба тақырыбы Smart мобильдік қосымшасын құру
ректордың « ___ » _____ № ___ бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: « ___ » _____ 2014
ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері):

PHP, HTML басқару жүйесін ортасын пайдалану арқылы компанияның қызметкерлері туралы дерекқор көзі шифрланған ақпаратты ұсынатын қосымша құрылды.

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

– Автоматтандырылған қызмет көрсету орнының анықтамасы (арналуы, құрылымы, т.б.).

– Ақпараттық жүйелер.

– Жүйенің дерекқорын жобалау және жүзеге асыру, жобалау құралдарын таңдау, дерекқорды құру, пайдаланушы интерфейсі жобалау, дерекқормен байланысын орнату.

– Техникалық-экономикалық негізделуі.

– Өндірістегі еңбек қорғау мен қауіпсіздік шараларын ұйымдастыру.

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі:

ДИПЛОМ ЖОБАСЫН ДАЙЫНДАУ

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1	Автоматтандырылған қызмет көрсету орнының анықтамасы (арналуы, құрылымы, т.б.).	03.04.14.	
2	Ақпараттық жүйелер, дерекқорлар (ДҚ), дерекқорларды басқарудың жүйелері (ДҚБЖ) түсініктері.	05.04.14.	
3	Жүйенің дерекқорын жобалау және жүзеге асыру, жобалау құралдарын таңдау, ER моделін жобалау.	23.03.14.	
4	Дерекқорды құру, пайдаланушы интерфейсін жобалау, дерекқормен байланысын орнату.	11.05.14.	
5	Шифрлау, деректерді мөлдір шифрлау (TDE) түсініктері мен принциптері.	20.04.14.	
6	Жүйенің дерекқорын шифрлау түрін таңдау, жүзеге асыру	25.04.14.	

Жоба тараулары бойынша кеңес берушілер және оның мерзімі:

Бөлім	Кеңесші	Мерзімі	Қолы
Негізгі бөлім	Рахимжанова З.М.		
Тіршілік қауіпсіздігі	Муташева Г.С.		
Экономикалық бөлім	Боқанова Г.Ш.		
Мөлшер бақылаушы	Рахимжанова З.М.		
Есептеу техникасын қолдану	Рахимжанова З.М.		

Тапсырманың берілген уақыты « _____ » _____ 2014 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ ф.-м.ғ.д., проф. Құралбаев З.К.
(қолы)

Жоба жетекшісі _____ аға оқытушы Рахимжанова З.М.
(қолы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент _____ Сапар Ержан Жайлаубайұлы
(қолы)

АҢДАТПА

Ұсынылып отырған дипломдық жұмыстың мақсаты “Smart” жарнама агенттігінің мобилді веб сайтының құруы. Қазіргі таңда елімізде смартфондарға сұраныс көбейіп келеді, смартфондар өндірісінде жылдан-жылға сандық та сапалық даму байқалады. Интернетке көп жұртшылық смартфон арқылы қосылатыны баршамамызға аян. Дегенмен, көптеген веб сайттардың мобилді нұсқасы жоқ, сонысымен қолдануға ыңғайсыз. Осы дипломдық жұмыс қолданушылардың жұмысын жеңілдету мақсатында мобилді веб сайт құруға арналған.

Дайындалған мобилді веб сайт негізінде қолданушылар қажеттіліктеріне сай өздеріне кез келген ыңғайлы жер мен уақытта өз смартфондарынан сайтқа қосылып, сайттан керекті ақпарат алып, қызметтер бағасымен, түрімен таныса алады. Сонымен қатар мобилді сайттарда онлайн сатып алу, тапсырыс беру сияқты операцияларды орындауға болады.

Бағдармалық жабдықтауды дайындауда HTML, CSS Mysql и PHP программалық тілдері қолданылды.

Сонымен қатар, дипломдық жұмыста “Smart” мобилді веб сайтының қолдану ережелері де ұсынылған.

АННОТАЦИЯ

Целью данной дипломной работы является разработка мобильного веб сайта рекламного агенства “Smart”. В настоящее время нашей стране увеличивается спрос на смартфоны, в производстве смартфонов год за годом очевиден рост и в качестве и в количестве. Большинство людей подключаются в интернет через смартфоны. Но не у всех веб сайтов есть мобильная версия, тем и неудобны для использования. Данная дипломная работа посвящена для создания мобильного веб сайта с целью облегчения работы пользователей.

Разработанный мобильный веб сайт предоставляет возможность пользователям подключаться на сайт в любом удобном месте и время через свои смартфоны и получить необходимую информацию, и могут ознакомиться видами услуг и их ценам. А также в мобильных веб сайтах можно совершать операции как купить, заказать онлайн.

Для разработки программного обеспечения использованы язык программы HTML, CSS Mysql и PHP.

В дипломной работе даны правила и указания по применению данного интернет магазина “ Smart ”.

ANNOTATION

The given degree work is a development mobile web site of the company "Smart". At present our country internet shops are growing year for year obviously and as and in amount. But now it is not enough to use the last technology, this degree work is created for the reason creation make internet shop.

Designed internet shop gives a chance to client to buy goods which they need without walking out their building. Presented degree work gives a chance consumer to choose goods on taste straight on put.

For software development are used language of the program HTML, CSS Mysql and PHP.

In degree functioning are given rules and instructions on using given internet shop " Smart ".

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	8
1 Web технологияның қазіргі жағдайы.....	9
1.1 Интернет туралы түсінік	9
1.2 Сайт туралы түсінік.....	11
1.3 Веб–сайттың түрлері.....	12
1.4 Кле́нт–сервер технологиясы.....	13
2 Сайт жасау құралдары	17
2.1 HTML тілінің негіздері	17
2.2 PHP тілінің негіздері	23
2.3 MySQL дерек қоры негіздері.....	29
2.4 CSS бағдарламалау тілінің ерекшелітері	36
2.5 JavaScript тілінің негіздері.....	38
3 “Smart” жарнама агенттігінің мобильді веб сайты жасау.....	40
3.1 Мәселенің қойлымы	40
3.2 “Smart” мобилді веб сайтының құрылымы мен мазмұны.....	40
3.3 Бағдарламалық жабдықтау	41
3.4 “Smart” мобилді веб сайты қолданушыларға нұсқаулық.....	46
4 Өмір тіршілік қауіпсіздігі.....	51
4.1 Еңбек шартының анализы	52
4.2 Есептеу бөлімі.....	54
4.3 Тіршілік қауіпсіздігі бөлімі бойынша қорытынды	62
5 Техико-экономикалық негізделуі.....	64
5.1 Жоба сипаттамасы.....	64
5.2 Бағдарламаның өңделуінің еңбек өнімділігінің есептелуі.....	67
5.3 Бағдарламалық қамтаманы өңдеуге кеткен шығынны	68
ҚОРЫТЫНДЫ	84
Пайдаланған әдебиеттер тізімі:	85
Қосышасы А.....	85

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған заманда интернет өмірдің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Интернет (ағылш. *Internet — International Network*) — компьютерлік серверлердің бүкіләлемдік желісі. Интернетке қосылу мүмкіндігі болған жағдайда, білім беру мекемелері, мемлекеттік ұйымдар, коммерциялық кәсіпорындар және жеке адамдар сияқты миллиондаған қайнар көзінен ақпарат алуға болады. Қазіргі кезде Интернет сөзін пайдаланғанда, физикалық желінің өзін емес, Дүниежүзілік желі және ондағы ақпаратты айтамыз. Сонымен қатар интернет кез келген компьютерлермен бүкіл әлем бойынша ақпарат алмасу мен беру мүмкіндігі, желілер жүйесі, байланыс араларын өзара біріктіретін, тораптардың жиынтығы.

Интернет технологисы жылдам өзгеріп отырады. Интернетпен жұмыс істеу оңайланғандықтан, қазіргі өзгерістер торапты кім немесе қандай мақсатпен қолдануында болып отыр. Дегенмен, " Web-тен білгім келген нәрсе туралы, информация таба аламын ба?"-деген сұрақ туындайды. Сол себепті бір жаққа телефон соғудан бұрын немесе кітапханаға барар алдында Web-тен информация алады.

Айта кетерлік жағдай – бүгінгі күні смартфондар мен планшеттердің дамып келе жатқан уақыты. Әрбір қолданушы интернетке бұрынғыдай дербес компьютерге қарағанда қолындағы смартфоннан көбірек қосылады. Осыған орай, қолданушыларға қолайлылық мақсатында веб сайттардың мобилді нұсқасын жасау елімізде белең алып отыр. Мобилді веб сайтқа смартфоннан немесе планшеттен қосылудың көптеген артықшылықтары бар.

Қолданушы өзінің қажеттілігіне қол жеткізуі үшін, ыңғайлы жиһазда отырып, интернет-беттерді смартфон арқылы аша алады және де қажетті ақпаратты немесе операцияны орындай алады. Қолданушының алдында мағлұматтар түрлерінің, сонымен қатар әр түрлі қызмет көрсетулердің тізімі бар. Мобилді веб сайт, көпшілік адамдардың пікірі бойынша - бұл өті ыңғайлы сайт нұсқасыларының бірі. Және бұл шынымен ыңғайлы болғандықтан ол дамып келеді. Әр ұйым үшін сайттың дамуы- бұл үлкен артықшылық, себебі қысқа мерзім ішінде базасы үлкееді, компанияның тұтынушылар саны артады, сонымен қатар бұл тиімді болғандықтан уақыт үнемделеді.

1 Web технологияның қазіргі жағдайы

1.1 Интернет туралы түсінік

Интернет (бас әріппен жазылса) – кез келген компьютерді жер шарында орналасқан басқа жұмыс станциясымен, яғни телефон арнасына қосылған басқа компьютермен жылдам байланыстыратын Дүние жүзілік Желі. Оны дүниедегі ең үлкен ауқымды (глобальный) желі деп атайды. Осылай телефон арнасы арқылы байланыса алатын компьютерлер бір-бірімен TCP/IP хаттама (протокол) ережелерімен мәлімет алмасады, оларды бір нұсқада, яғни бір тілде «сөйлейді» деп айтса да болады. Дүние жүзілік Халықаралық телефон желісі сияқты оны ешкім басқармайды, ол ешкімнің жеке меншігі емес. Міне, осы Интернет желісі көмегімен электрондық почта арқылы хабар алып (беріп), басқа компьютерлердегі ақпаратты көріп, қашықтан телеконференцияларға қатынасу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бар. TCP/IP – Интернет желісіне қосылған компьютерлер арасында ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін мәліметтерді бір жүйеге келтіру ережелері немесе оларды құрастыру хаттамасы. IP (Интернет Protocol) – мәліметтерді оны алушының адресі көрсетілген шағын тақырыптары бар бірнеше бөліктерге немесе дестелерге бөлетін желі аралық хаттама. TCP (Transmission Control Protocol) – мәліметті жөнелту ісін басқаратын хаттама, ол желідегі ақпарат дестелерін дұрыс жеткізу үшін жауапты болып саналады. Интернет жүйесін пайдалана отырып, үйден шықпай ақ, көптеген елдерді, қалаларды аралап музейлерді, кітапханаларды көріп, дүниежүзілік мәдени және ғылыми жетістіктермен танысып, оларға өркениетті елдің азаматы ретінде өз үлесіңізді қосып, өзіңізді дүниенің бір кішкене бөлігі ретінде сезіну мүмкіндігіне ие боласыз. Интернет (кіші әріппен жазылса) – TCP/IP хаттамалары негізінде желі аралық байланысу технологиясы.

Интернет желісінің құрылымы – әрбір тұтынушы компьютері кәдімгі телефон арналарымен түйінді машиналармен байланысады. Ал түйінді немесе негізгі машиналар бір-бірімен қуатты оптикалық талшықты немесе спутникті арналармен жалғасады. Түйінді машиналар кез келген жай компьютерлер арасында байланыс орнату үшін қажет, олар: тәулік бойынша үзіліссіз жұмыс істеп, байланыс сеанстарының арасындағы уақытта жолда жүрген ақпараттарды уақытша сақтайды, ақпараттық серверлер деп аталатын мәлімет жинақтаушы компьютермен жылдам істейтін оптикалық түрдегі байланыстыру ісін қамтамасыз етеді. Ақпаратты сервер – дегеніміз қалың көпшілікке арналған, әрбір тұтынушы пайдалана алатын көптеген ақпараттар түрлері жинақталған арнаулы компьютер. Мұнда жаналықтар, мерзімді баспасөз (газет-журналдар), жарнамалар, т.с.с. мәліметтер сақталады. Желіге қосылған әрбір компьютерге қайталанбайтын айрықша өзіндік адрес (IP-адрес) беріледі, адрес компьютердің типімен (IBM, Macintosh), операциялық жүйенің түрімен (MS DOS, Windows 98, Windows NT) байланыста болмайды, демек жіберілген ақпарат тура адрес көрсетілген

компьютерге келіп түседі. Түйінді машина мәліметтерді тасымалдау кезінде хабарды жіберген және оны алатын компьютерлер арасындағы ең қысқа жолды таңдайды, жұмыс барысында ол байланыс арнасының бос аралықтарын тиімді түрде пайдаланады. Бұл мүмкіндік Интернетті қазіргі кездегі ең жылдам, әрі арзан, әрі сенімді байланыс жабдығына айналдырды деуге болады. Ал енді түйінді машиналар жұмысы қалай ұйымдастырылған, Интернетте адресі кім тағайындайды, компьютерлер арасындағы байланыс қалай қамтамасыз етіледі, компьютер телефонмен қалай қосылады деген мәселелерге келсек, бұның бәрін істейтін арнайы қоғам – Интернет провайдері деген ұйым, мекеме бар. Мысалы, Алматыда Интернет Провайдері болып қызмет атқаратын Интернет трейнинг орталығы Nursat, S&G Communications, Parasang, қазақтелеком, Астел Арна Спринт т.с.с. мекемелер жұмыс істейді.

Интернет-те қызмет көрсету провайдері – ISP (Интернет Service Provider), Интернет-пен қарапайым тұтынушылардың тікелей қатынас құруын жүзеге асыратын заңды тұлға.

World Wide Web құрылымы–WWW дүнежүзілік тармақталған желісі–бұл Интернет-тің ең кең таралған, күннен күнге тоқтаусыз өсіп жатқан қызмет түрі. World Wide Web–Интернет–тегі барлық құжаттар және мультимедиалық ресурстарды сипаттайтын термин. Бұл мәліметтерді пайдалану жолында оларды оқып көру үшін Microsoft Интернет Explorer, Netscape Navigator сияқты програмалық жабдықтар қолданылады. Олар Интернет–тен керекті құжаттарды іздеп табуға, қарауға, жазып алуға мүмкіндік береді. «Гипермәтін (байланысқан мәтіндер) мүмкіндігі Web мәліметтерінің бірінен біріне көшуді жеңілдетеді. Файлдардың «HTML–ің (hypertext markup language) форматын іске қосатын гипермәтін мүмкіндігі Web парақтарының бір бетінен екінші бетіне «сілтеу бойынша көшуді жеңіл жүзеге асырады. Бұл беттерде суреттер, бейне жазбалар, дыбыстар, үшөлшемді (кеңістіктегі) нақты бейнелер т.с.с. орналасады. Осындай сілтемелер арқылы байланысқан парақтар World Wide Web–тің негізгі құралымын құрайды. Web жүйесіне қосылғаннан кейін әрбір адам WWW желісіндегі кез келген мәліметті басқалармен бірдей пайдалану құқығына ие болады, бұдан соң басқа компьютермен байланасу үшін немесе қосымша артықшылық, шектеулер үшін ақы төлеудің қажеті жоқ.

World Wide Web (WWW немесе Web) Интернет мәліметтерін жеңіл көруге болатын графикалық интерфейс мүмкіндігін береді. Ондағы мәліметтер мен олардың бір–бірімен байланысын ақпараттық «өрмек деп айтса да болады. Web–тің әр бетінің басқа парақтармен байланысын көрсететін сілтеме белгілері бар, оны бір–бірімен байланысқан парақтардан тұратын өте үлкен кітапхана деуге болады. Бір тораптық компьютерде орналасқан мәліметтер Web кітабы секілді, ал оның беттері кітап парақтарын көзге елестетеді. Бұл беттердегі мәліметтер дүниенің кез келген бұрышында орналаса береді. Солар арқылы жер шарындағы барлық серверлік компьютерлердегі ақпараттар көз алдыңызда орналасады, мұнда қашықтағы–қымбат, жақындағы–арзан деген ұғым жоқ, олардың бағасы тек

мәліметтің көлеміне немесе сіздің байланысып отырған уақытыңыздың ұзақтығына байланысты. Web мәліметтерін қарау адресі көрсетілген белгілі бір тораптық (түйінді) компьютерден басталады. Түйінді компьютердегі мәліметтің бірінші беті кітаптың сырты немесе мазмұны тәрізді, әрбір беттің URL (Universal Resource Locator) форматында берілген қайталанбайтын өзіндік адресі болады. Ол беттердегі мәліметті оқу «көру жабдықтарың деп аталатын арнайы программалар арқылы орындалады.

URL–адрестері–Бұл Интернетте орналасқан құжаттардың адресін жазудың арнайы формасы. Ол–желінің қай серверінде орналасса да, керекті мәліметті айнытпай қатесіз табуды қамтамасыз ететін сөз тіркесі URL адрестерінің жазылуынан мысал келтірейік.

[http:// www.soccer.ru/dinamo/rus/index.html](http://www.soccer.ru/dinamo/rus/index.html)

мұндағы:

а)http протокол, яғни хаттама;

б)www.soccer.ru–адресінің домендік бөлігі, оның ішінде:

в)www–компьютердің (сервердің) аты;

г)soccer.ru–доменнің аты;

к)dinamo/rus–сервердегі каталог аты;

т)index.html–Web–парақтары файлының аты;

Домен–бір компьютермен басқарылатын немесе бір желілік жұмыс машинасының (желі торабының) басшылық етуімен істейтін информациялық желі қорлары (ресурстары) тобы.

1.2 Сайт туралы түсінік

Веб–сайт түсінігі– Веб–сайт немесе жәй сайт (ағыл. Website, web–өрмекшінің торы және site– орын)–бір немесе жинақталған веб–парақтары интернеттеHTTP/HTTPS хаттамалары арқылы мүмкіншілік алады. Сайттың парақтары жалпы түпкі мекен–жайларды, сонымен қатар қарапайым тақырыпты, логикалық құрлымды, рәсімдеуді және авторлауды біріктіреді, жинақталған барлық жалпы мүмкіндік алған сайттар жалпы әлемдік торды құрайды. Сайттың мағынасы– кез келген өзгелерге желі арқылы 1–2 гб мәліметті бере алуы үшін және өзі телеканал болуы үшін, жалпы жергілікті желі арқылы мемлекет тұрғындарын біртұтас күшке біріктіру.Сайттың мағынасы ертеректегі түсінікте физикалық желі түйіні–хостпен сервермен шатасырлған, бірақ интернеттің өсуімен, серверлер технологиясының жақсаруымен бір компьютерде көптеген сайттармен домендерді орналастыруға болатын болды.

Веб–сайт тарихы– Әлемдегі бірінші сайт 1991 жылы 6–тамызда пайда болды, оны жасаған Тим Бернерс–Ли. Сайтта World Wide Web– тың жаңа технологиясы, HTTP мәліметтерді тасымалдау хаттамасының негізі, URI жүйелік адресациясы және HTML гипертекстік белгілеу тілі баяндалған. Сонымен қатар сайтта серверлермен браузердің жұмыс істеу және орнату ережелері де баяндалған. Сайт әлемдегі алғашқы интернет–каталог болды, сонымен кейінірек Тим Бернерс–Ли оған басқа сайттардың да сілтемелік

тізімін орналастырды. Бернерс–Ли дің алғашқы сайтының жұмыс істеуіне қажетті барлық құралдар ертеректе дайындалған–1990 жылдың соңында алғашқы гипертекстік браузер WorldWideWeb веб редактор функциясымен пайда болды, деркқордағы алғашқы сервер NeXTcube және алғашқы веб парағы болды.

Тим Бернерс–Ли, гипертекст негізінен желіде мәліметтер алмалмасуды атқаруы мүмкін деп есептеді, және оған өмірдегі өз ойларын жүзеге асырудың сәті түседі. Тағы 1980 жылы Тим Бернерс–Ли кездейсоқ қауымдастықтың мәліметтерін сақтауға қолданылатын гипертекстік бағдарламалық қамтама Enquire – ні жасаған. Содан соң Женеведегі Ядролық зерттеулердің Европалық орталығында жұмыс істеді, ол қызметтестеріне гипертекстік документтерді жәрылау туралы, өзімен гиперсілтелер арқылы байланысуды ұсыныс етеді. Бернерс–Ли Гипермәтіндік рұқсаттың ішкі іздеулермен құжаттарға, сонымен қатар интернеттің жаңа қорларына мүмкіндігін Демонстрациялап (көпшілікке паш ету) өтті. Нәтижесінде 1991 жылы мамырда Женева (CERN) де WWW стандартты бекітілді.Тим Бернерс–Ли HTTP, URI/URL и HTML веб технологияларының негізін салушы атасы болып табылады. Бүгінгі күнде, интернет желісінде өзінің қызмет сферасында, саудалық немесе саудалық емес қызметтермен шұғылданатынын ұсынғанда кез–келген компанияға сайт жасау керек.Интернет күніне 24 сағат жұмыс істейді, осы уақыт ағымында сіздің бизнесіңізбен өзіңіздің тікелей қатысуыңызсыз мыңдаған потенциалды клиенттер танысуы мүмкін.Сайт–бұл сіздің интернеттегі өкілдік түріңіз, сізге клиенттердің және серіктестердің базасын кеңейтуге, online да сатуды басқаруға, сіздің компанияңыздың танымалдығын жоғарылауға мүмкіндік береді.

Веб–сайт функциялары

– **Жарнамалау** фирманың өзіндік бейнесін жасап және оны қолдап, жарнамалық акциялар өткізіледі.

– **Хабарландыру** жалпы фирма тралы жан–жақты мәліметтер беріп, оның қызмет көрсету бағасы мен әріптестерге жеткізу қызметі жалпыға бірдей хабарланады.

– **Сату** каталогда бағалармен көрсетілген товарларға тапсырыс беруді құжаттаумен ақша төлеудің мүмкіндіктерін береді.Зерттеу– киенттердің тауарлар жәйлі сұрақтарына қатысты ақпараттарды жинайды.

– **Құрлымдау** Фирманың құрлымын кемелдендіріп, әріптестердің фирманың дерекқорларына қатынас орнатуына анағұрлым көп мүмкіндік береді.

1.3 Веб–сайттың түрлері

Визиткалы сайт–қарапайым сайт болып табылады.Ол html құралдарысыз қолданушылармен интерактивті байланысты береді.Сайт фирманың дизайнына бүкілдей сәйкеседі.

Фирма сайтты тек потенциалды клиенттерге жарнамалық ақпараттарды беру ұшын қолданады. Сайттың негізгі беттері: Негізгі бет – Сіздің фирма туралы қысқа да нұсқа ақпараттардан тұрады. Компания туралы – фирманың жетістіктерімен, клиенттермен жұмысы және мұның сізге берер пайдасын көрсетеді. Өнім – Фотолармен берілген товарлар туралы қысқаша ақпараттардан тұрады. Контакт – Әдетте негізгі контакты ақпарат әрбір бетте қайталаынады. ол сіздің компания туралы толық ақпараттан тұрады.

Жарнамалық сайттар – бұл түрдегі сайт товарлармен қызмет өтеуді көрсету ұшын қолданады. ол жайнаған дизайнға толы болады. бұл түрдегі сайт төмендегідей қосымша беттерден құрам табады: Товарлар каталогі – ол визиткалы сайт товарларға қатысты жан-жақты ақпараттар берумен ерекшеленеді. әрі көрсетілген қасиеті бойынша іздеу функциясы бар.

Қайдан, қалай сатып аласыз – сату нүктелері, қойма, офис меңгерушілер туралы ақпараттар бар. Бағалар – жалпы товарлардың бағалар тізімін береді.

Қолдау – компаниямен байланыс орнатудың мүмкіндіктері көрсетіледі.

Ақпараттық сайттар – Ақпараттық сайттар – қажетті ақпараттарды жинаумен ерекшеленеді.

Жаңалықтар – назар аударуға тұрарлық жаңалықтармен мәліметтер береді.

Тақырыптар каталогы – сайттағы мақалалармен материалдардың негізгі тақырыпымен беріледі. қолданушы кілттік сөздермен іздеуді орындайды.

Сілтеме және форум – таныс қолданушыларға арналған ақпараттардан құрам табады.

Интернет-магазин (дүкен) – Бұл түрдегі сайт товар сатумен қызмет көрсетудің тиімді түрі болып табылады. сатып алушылар ұшын мұның ең негізгі ерекшелігі таварға үйінде отырып – ақ тез әрі арзан қолжеткізетіндігінде.

1.4 Кліент-сервер технологиясы

Ереже бойынша ақпараттық жүйенің құрамына кіретін компьютерлер және бағдарламалар тең құқықтық болып табылмайды. Желідегі бір компьютер процессорлар, файлдық жүйе, почталық қызмет, басу (печати) қызметі, мәліметтер базасы сияқты ақпараттық – есептеу ресурстарды орналастырады. Кез – келген ресурсты басқаратын компьютерді сол ресурстың сервері, ал онымен қолданғысы келген компьютерді клиент деп аталуы қабылданған. Нақты сервер өзінің ие болған ресурс түрімен сипатталады. Яғни, егер ресурс мәліметтер базасы болса, онда тағайындалуы – мәліметтер базасын өңдеуге байланысты клиенттердің сұраныстарына қызмет көрсету болып табылатын, мәліметтер базасының сервері туралы айтылады; егер ресурс – файлдық жүйе болса, онда файлдық сервер немесе файл-сервер туралы айтылады және т.с.с. Бұл принцип үрдістердің өзара әсерлесуіне де таралады. Егер олардың біреуі басқаларға сәйкесінше қызметтер жинағын беру арқылы кейбір функцияларды атқаратын болса, мұндай үрдіс сервер ретінде қарастырылады. Осы

қызметтерді пайдаланатын үрдістерді клиенттер деп атау қабылданған. Бүгінгі таңда “клиент–сервер” технологиясын кең қолданыс алуға, алайда өзінен-өзі ол әмбебап рецепттерді ұсынбайды. Ол тек қазіргі заманғы таратылған ақпараттық жүйенің қалай ұйымдастырылу керек екенінің жалпы көрінісін береді. Оның үстіне бұл технологияның нақты бағдарламалық өнімдерде және де бағдарламалық қамтаманың түрлерінде жүзеге асуы әлдеқайда ажыратылады. “Клиент–сервер” технологиясының негізгі принциптерінің бірі әртүрлі табиғаты бар стандарттық бағдарламаның қосымшаның (приложения) функцияларын үш топқа бөлуге негізделген. Бірінші топ – бұл мәліметтерді енгізу және көрсету функциясы. Екінші топ берілген пәндік облысқа сипатталған (характерные) тек қана қолданбалы функцияларды біріктіреді. Үшінші топқа мәліметтерді сақтау және басқару (мәліметтер базасын, файлдық жүйелерді және т.б.) функциялары жатады. Осыған сәйкес кез келген бағдарламада қосымшада (приложения) келесі логикалық компоненттер таңдалады:

- бірінші топтың қызметтерін жүзеге асыратын көрсету компоненті (presentation);

- екінші топтың қызметтерін қолдайтын қолданбалы компонент (business application);

- үшінші топтың қызметтерін қолдайтын ақпараттық ресурстарға қатынау компоненті (resource acces) немесе ресурстар менеджері (Resource manager).

“Клиент–сервер” технологиясының шеңберінде бағдарламаларды қосымшаларды (приложения) жүзеге асыруының айырмашылығы үш фактормен анықталады. Біріншіден, барлық үш топтың қызметтерін жүзеге асыру үшін қандай механизмдер қолданатындығымен. Үшіншіден, жүйеде компьютерлер арасында логикалық компоненттер қалай таратылғандығымен. Әрқайсысы келесі сәйкес келетін модельдерде жүзеге асатын үш жақын келулер (подход) ерекшеленеді (выделяются):


- қашықтықтағы мәліметтерге қатынау моделі (Remote Date Access – RDA);

- мәліметтер базасы серверінің моделі (DateBase Server – DBS);

- приложений (қолданба, қосымша) серверінің моделі (Application Server – AS).

RDA – моделінде көрсетім компонент және қолданбалы компонент кодтары бірлескен және компьютер–клиентте орындалады. Соңғысы мәліметтерді енгізу және көрсету функцияларымен бірге таза қолданбалы функцияларды да қолдайды. Ақпараттық ресурстарға қатынау, ереже бойынша арнайы тілдің операторларымен (SQL тілі, егер мысалы мәліметтер базасы туралы айтылатын болса) немесе арнайы кітапхананың функцияларын шақыруымен қамтамасыз етіледі (егер сәйкес келетін API болса). Ақпараттық ресурстарға сұраныстар қашықтықтағы компьютерге торап бойынша жіберіледі (мысалы, мәліметтер базасы серверіне). Соңғысы сұраныстарды өңдейді және орындайды және клиентке мәліметтер блогын

қайтарады (сурет 1.4.1). “клиент–сервер” архитектурасы туралы айтқанда, көбінесе осы модель туралы айтады.



Сурет 1.4.1 Қашықтықтағы мәліметтерге қатынау моделі.

DBS–моделі (сурет 1.4.2) компьютер–клиентте орындалатын үрдіс көрсетім функцияларымен шектеледі, ал қолданбалы функциялар компиляцияланатын резиденттік процедуралар немесе мәліметтер базасының процедуралары деп аталатын сақталатын процедураларда жүзеге асырылған (stored procedure) деген жорамалда құрылады. Олар тікелей мәліметтер базасында сақталады және мәліметтер базасының компьютер–серверінде орындалады (мұнда мәліметтерге қатынауды басқаратын компонент, яғни МББЖ қызмет етеді). Сақталатын процедуралардың механизмі – DBS–моделінің ерекше сипаттамасы– әзірше тек қана МББЖ– де, онда да бәрінде емес бар болғандықтан ақпараттық ресурстың түсінігі мәліметтер базасына дейін тарылған.



Сурет 1.4.2 Мәліметтер базасы серверінің моделі

Тәжірибеде егер мәліметтер базасының бүтіндігін қолдауды (поддержка) және кейбір қарапайым қолданбалы функцияларды сақталатын процедуралармен (DBS–модель) қолдайтын болса аралас модельдер жиі қолданылады, ал әлдеқайда күрделі функциялар компьютер–клиентте орындалатын (RDA–модель) қолданбалы бағдарламада тікелей жүзеге асырылады. Бірақ бірден екі моделдің элементтерін қамтитын мұндай шешімдер олардың арақатынасы туралы біздің представлений (елестету, көрсетім) принципно (принципшіл) өзгерте алмайды.

AS – моделінде (сурет 1.4.3) компьютер–клиентте орындалатын үрдіс мәліметтерді енгізу және көрсетуге жауап береді (яғни, бірінші топтың қызметтерін жүзеге асырады). Қолданбалы функциялар қашықтықтағы

компьютерде қызмет ететін үрдістер тобымен (қолданба серверлері) орындалады. Қолданбалы есептерді (задач) шешу үшін қажетті ақпараттық ресурстарға қатынау RDA–моделіндегідей әдіс бойынша қамтамасыз етіледі. Қолданбалы компоненттерден әртүрлі түрдегі ресурстарға қатынау бар–мәліметтер базасы, индекстелген файлдар, кезектер және т.б. Ереже бойынша, серверы приложений ресурс менеджері қызмет ететін компьютерде орындалады, бірақ басқа компьютерлерде де орындалуы мүмкін.



Сурет 1.4.3 серверы приложений моделі

Бұл екі модельдің фундаментальное айырмашылығы неде? RDA және DBS– модельдері функцияларды бөлудің екізвенотық сұлбасына тіреледі (опираются). RDA– моделінде қолданбалы функциялар бағдарлама–клиентке приданы (берілген), DBS–моделінде олардың орындалуы үшін жауапкершілікті МББЖ ядросы алады. Бірінші жағдайда қолданбалы компонент көрсетім компонентімен сливается, екінші жағдайда – ақпараттық ресурстарға қатынау компонентіне интегрируется. Керісінше, AS–моделінде функцияларды бөлудің үшзвенотық классикалық сұлбасы жүзеге асырылған, мұнда қолданбалы компонент қолданбалы бағдарламаның маңызды элементі ретінде белгіленген, оны анықтау үшін көпмақсатты (многозадачная) операциялық жүйенің әмбебап механизмдері қолданылады және екі басқа компоненттері бар интерфейстер стандартталған. Бұл ерекшеліктен AS – модельдер тәжірибелік қызмет үшін маңызы үлкен өздерінің артықшылығын көрсетеді

2 Сайт жасау құралдары

2.1 HTML тілінің негіздері

Егер сіз сізге арналған немесе сіз туралы мәлімет сақтайтын Web бет құрғыңыз келсе, сіз HTML (Hypertext Markup Language– гипертекстік белгілеу тілі) тілін үйренуіңіз керек. HTML – бұл беттің құрылымын суреттеу тілі. Ол сізге қарапайым мәтін алып, оны абзац, тақырып, тізім және басқа да құрылымы бойынша форматтауға мүмкіндік береді. Онымен қоса, HTML сіздің оқырмандарыңыз бір құжаттан екінші құжатқа оңай аттап өте алулары үшін, сізге байланысты беттерге сілтемелер құруға мүмкіндік береді. HTML SGML– ға негізделген (standart Genere Lized Markup Language– жалпы белгілеу стандартты тілі). Нақтырақ айтсақ, HTML бұл SGML құжатты типінің анықтаушысы, немесе SGML қағидасының өзіндік қосымшасы. Сіз HTML құжаттарын ақпараттық жүктемені сақтайтын форматталмаған текстің ішіндегі HTML тэгі (tags) арқылы құрасыз. HTML тэгтері–бұл “азырақ” (<) белгісінен басталып, “көбірек”(>)белгісімен аяқталатын символдар тізбегі. Web браузерлер HTML–ды синтаксистік тексерген кезде үш қағидаға сүйенеді:

- Пробел және басқа да “көрінбейтін символдарға” назар аудармайды.
- Форматтау тэгтері кіші немесе үлкен (бас) әріптерімен жазылуы мүмкін.
- Форматтау тэгтерінің көпшілігі сыңарларымен бірге жазылады.

Кейбір ерекше тэгтерді ескермесек, HTML форматтау тегтерінің барлығын да сыңар тегтері бар. Ашатын тег берілген эффекті активтендірсе, жабатын тег оны өшіреді. Тег сыңарларын көбінесе контейнер деп те атайды. Себебі, олар қосып – өшіретін эффект мәтінде сол екі тэгтің арасында ғана пайда болады. Мысалы, мәтінің қатары толық әріпен жазылуы керектігін көрсететін болсақ, былай жазамыз:

 Бұл қатар толық қаріппен жазылады. .

Жабатын тегтің ішінде орналасқан мәтін « кері қисық сызық» символымен шамаланады. Бұл қағидаға бағынбайтын тэгтер <BASE> (негізгі мәлімет),
 (қатар соңы), <HR> (горизанталь сызық) және IMG (бейне). Бұл тегтер жалғыз қолданылады.

HTML –ге тікелей қатысы болмаса да, HTML құжаттарының өте маңызды бөлігі болып URL адрестері есептеледі. Ол әр–түрлі тэгтерде кең көлемде қолданылады. Негізі URL World Wide Web–тіге құжаттың адресі болып есептеледі. URL– дың құрылымы жер шарының кез–келген белігінде орналасқан бірге жұмыс істейтін. Web – сервердің кез–келген типіндегі кез–келген құжаттардың ықшамды идентификациялау тәсілі мүмкіндігін береді. Ақпараттар серверінің хаттамасын ескермесек, URL–дың жалпы формуласы келесі:

Хаттама:// Сервер_ аты: порт/файл–аты

HTML–құжатын белгілеу үшін біз <HTML> ж,не </HTML> тэгтерін қолданамыз. Бұл тегтер өзінде HTML –дың барлық тэгтерін және құжаттың ақпараттық құрамын қамтиды. <HTML> құжаттардың бірінші қатарында, ал <HTML> тәгі құжаттың соңғы қатарында орналасуы керек. Бұл тегтер олардың арасында орналасқан барлық символдардың HTML–коды екенін білдіреді. Құжаттың тақырыбы <HTML> тегінен кейін жазылып, </HEAD> тегімен аяқталады. Сіз ақпарат тақырыбына көп мөлшерде символдар енгізе алсаңыз да, оның құрамында екі заттың болуы міндетті: құжат аты және оның URL–ы.

Сіз құжаттыңызға ат берген кезде, оны <TITLE> және </TITLE> тэгтерінің арасына орналастыра аласыз. Құжат аты Интернет Explorer 3 тақырыб қатарында және журнал (History) және избранные страницы (Favorites) тізімдерінде пайда болады. Сіз құжат атына сол құжатты толық түсіндіретіндей етіп таңдауыңыз керек. Бірақ ол 40 символдан аспауы керек. Сіз <BASE HREF= “базовый_URL”> тегінде URL негіздік адресін көрсетесіз. Ол құжаттың абсолют URL–іне теңестіріледі. Сіз құжат тақырыбын жазып болған соң оның денесін құруды бастайсыз. HTML құжатының денесі ақпаратты сақтайтын толық мәтінде және мәтінді форматтауға арналған барлық HTML тегтерін қамтиды. Құжат денесі тақырыбтан соң басталып, <BODY> және </BODY> тэгтерімен шектеледі. Құжат денесі келесі түрде көрініс табады:

```
<HTML>
<HEAD>
<TITLE> бұл жерде құжат аты орналасады </TITLE>
<BASE HREF= «негіздік_URL»>
</HEAD>
<BODY>
</BODY>
</HTML>
```

Жаңа абзац бастау және оны аяқтау үшін <P> және </P> тэгтері қолданылады. HTML спецификациясын байланысты <P> ALIGN атрибутын қолдайды. Ол абзацтың ішінде мәтінді туырлауға мүмкіндік береді. Абзацтар бас қатармен бөлінеді. Бас қатар тастамай жаңа абзацты бастау үшін
(қатар соңы) тәгік орданлыда. Мысалы:

```
<TITLE> өлең жолдары </TITLE>
<P>
```

You can tell it's Spring with all of the rain we're getting.
It makes me to recite the rhyme.

<!—Вы можете сказать, что уже весна, поскольку идет такой сильный дождь. Поэтому я хочу процитировать стихи—>

```
</P>
```

```
<P>
```

Rain, rain

Go away

Come again

Another day

HTML – тақырыб стилінің алты түрін қолдайды. Мәтінді қандай да бір стильде азу үшін оны <Hn> және </Hn> тәгтерінің арасына орналастыру керек. Олар былай жазылады.

<H1> Heading style 1 </H1>

<H2> Heading style 2 </H2>

<H3> Heading style 3 </H3>

<H4> Heading style 4 </H4>

<H5> Heading style 5 </H5>

<H6> Heading style 6 </H6>

HTML төрт физикалық стильді қолдайды. Физикалық стиль– бұл курсив немесе толықтық сияқты қаріптің атрибуттары. Олар келесі де көрсетілген.

HTML тілінің физикалық стилі

Стиль

Толық шрифт

Курсив

Астын сызу

Машинопись (фиксталген ен)

тег

...

<I>...</I>

<U></U>

<TT>...</TT>

HTML логикалық стиль олар ерекшеленген мәтіннің мағынасын анықтайды. Олардың қаріп атрибуттарына қатысы жоқ болғандықтан, олар әр браузерде әр-түрлі көрініс табуы мүмкін. Логикалық стильдер келесі кестеде көрсетілген.

HTML логикалық стилі

HTML тізімдері сіздің құжатыңыздағы ақпараттарды қызықты етіп көрсетуге мүмкіндік береді. Олар келесі кестеде көрсетілген.

HTML тізімдері кестесі

Тип

тізімі тегі

элемент тегі

Нөмірленген

...

...

Таңбаланған

...

...

Баяндау тізімі

<DL>...</DL>

<DD>...</DD><DT>...</DT>

Меню

<MENU>...</MENU>

...

Директория

<DIR>...</DIR>

...

Келесі HTML кодында тізімге мысал келтірілген:

<html>

<H2> Unordered Lists –маркированный список </H2>

Bulleted LIST items

!—элементы маркированного списка—

LIST items are indented

!—элементы имеют отступ—

<H2>Ordered LISTS– нумерованный список </H2>

Numbered List items

```

<LI>—элементы нумерованного списка—</LI>
<LI>List items are indented </LI>
<LI>элементы имеют отступ </LI>
</OL>
<H2>Description Lists—список списанной </H2>
<DL>
<DT>First term </DT>
<DD> description of first term </DD>
<DD> !—Описания первого термина—</DD>
<DT>Second term </DT>
<DT>!—Второй термин—</DT>
<DD>Description of second term </DD>
<DD>— описание второго термина—</DD>
</DL>
</html>

```

HTML сізге арнайы символдарды қолдану мүмкіндігін береді. «Көбірек» (>), «азырақ» (<) және тырнақша (“) символдары HTML–дың форматты тегтерінде қолданылатындықтан, оларды экранға шығару үшін белгілі бір тізімде орналастыру керек. Ол тізімдерде амперсant белгісі (&) қолданылады.

Оны да экранға шығару үшін белгілі бір тізімде орналастыру керек. Арнайы символдардың тізімі келесі кестеде көрсетілген.

Резервтелген HTML символдары үшін арнайы символдар тізімі

<i>Тізімі</i>	<i>көрініс</i>	<i>мәні</i>
<	<	азырақ
>	>	көбірек
&	&	амперсant
"	“	Тырнақша

Осы HTML символдарын қолдану арқылы біз қарапайым Web бетті құра аламыз. Web бетті көркемірек ету үшін HTML –дың басқа да көптеген тегтерін үйрену қажет. Оларды қолдану арқылы біз Web–бетке графика және кестені кірістіре аламыз.

Web параққа кестені және графиканы қосу.

Web парақты көркемірек ету үшін оған графиканы және кестені енгізу керек. Мәтіндік біркелкілікті бұзатын графикалық элементтер әр–түрлі болуы мүмкін. Web графикасы қарапайым сызықтан күрделі суретке дейінгі диапазонды қамтиды. Графиканы қолданудың негізгі себебі–сіздің Web торабыңыздың қолданушыларына ақпаратты қызықтырақ әрі түсініктірек етіп көрсету.

Горизанталь сызық– графиканың ең оңай элементі. Оны Web бетке кірістіру үшін <HR> (Horizontal Rule, горизанталь сызық) тегі қолданылады. Оған мысал келесі кодта көрсетілген:

```

<HTML>
<H2>демонстрация горизантальной линии </H2>
<P>

```

Здесь HTML–текст, а ниже линия

<P>

<HR>

<P>

<I> для книги «Интернет Explorer 3 в подленнике» </I>

</HTML

Компьютерлік графиканы сајтайтын бірнеше форматтар бар. Бірақ WorldWideWeb–те сіз тек ғана екі форматты қолданасыз. Олар: GIF және JPEG. GIF форматы (Graphics Interchange Format–графикалық мәліметтерді алмасу форматы) алғашында кескіні бар файлдарды сақтау үшін стандарт ретінде CompuServe торабының қолданушыларына арнап құрастырылады. Қазіргі кездегі оның стандартты CIF 89а. CIF форматында сақталатын графика 256 түспен шектеледі. Сол үшін бұл форматта толық түсті суретті сақталмай ақ қайған жөн. CIF–ты белгі, эмблема және басқа да қолдан жасалған бейнелерге қолданған дұрыс. CIF стандартты Web бет авторлары үшін маңызды келесі эффектерді қолдайды:

– Кезекті көрсетілім (Interlacing). Бұл, көрші болмаған бейнелердің бірге сақталатындығын білдіреді. Браузер бұл бейнені оқуына байланысты, екінші көріністің шеті бейнелене береді. Бұл екінші бейне толық шықпай ақ, оның не туралы екенін түсінуге мүмкіндік береді.

– Тұнықтылық (Transparency) Тұнық CIF бейнесінде түстердің бірі тұнық етіп белгіленеді. Бұл құжат фонының одан өте алуына мүмкіндік береді. Сол үшін тұнық CIF–тер өте кең таралған. Ондай кесіндерді құру үшін жаңа програмалар да құрастырылуда. Мысалы, Photo CIF деп аталатын PhotoShop–тың модулі тұнық бетті де, кезекті CIF–ті де құруға мүмкіндік береді.

– Анимация. Анимацияланған CIF анимация құру үшін бір файлда сақталған суреттердің ретімен жасалалады.

CIF 89а–ны толық қолдайтын браузер анимация жасау үшін суреттерде кезегімен шығару керек екендігін білетін болады. Бұл программалар сондай–ақ анимация басталғанға дейінгі уақытты және оның қайталану ретін орнатуға мүмкіндік береді.

– JPEG. JPEG (Joint Photographis Experts Group)–кескін бойынша біріккен эксперттер тобы) толық түсті кескінді қолдап, оларды сығулы күйде сақтауға мүмкіндік беретін форматтар жиынтығы. Кең таралған браузерлер JPEG форматының кескіндерін көрсете алады, бірақ бұрын ол үшін арнай программалар қолданылған. Жақында шыққан прогрессивті JPEG (p–JPEG) форматы, кескінге кезектілік эффектін береді. Бірақ JPEG–де тұнықтылық мүмкін емес. Себебі берілген бейнелердің біраз өзгеруіне түрткі болады. JPEG–форматы толық түсті суреттер үшін таңдалынатын формат болса да, ол түстердің жылдам ауысатын кескіндеріне жарамайды.

Оның себебі түстердің тез ауысуы компрессияға байланысты пайда болатын математикалық манипуляцияға төзе алмайды. Ол үшін ол суреттерді GIF форматында сақталған жөн. Бейнелер HTML құжатының ішінде бейнеленсе де, сіз оларды бөлек файлдарда сақтауыңыз керек. Бейнені Web

бетке кірістіру үшін тегін пайдаланасыз. Оның ең қарапайым көрінісі келесі: . Мұндағы URL– графикалық бейнені сақтайтын файлдың адресі. SRC атрибуты міндетті болып, ал бейнесі бар файлдың URL–ын көрсетеді. Файлда әр–түрлі жерлерде орналасқандықтан, сіз алыстағы серверден де, жақын жердегі серверден де оны кірістіре аласыз.

 тегінің атрибуттары келесі:

 тегінің атрибуттары Атрибут анықтамасы

ALIGN= «орналасу» мәтінің бейнеге байланысты орналасуы (төбесінде (TOP), ортасында (MIDDLE) немесе астында (BOTTOM) болуы мүмкін).

ALT= «мәтін» бейненің орнына көрсетілуі керек мәтін .

ISMAP Карт–бейне құру үшін қолданылады WIDTH= «ені»

Бұл бейнені пиксель бойынша екіге текестіріледі.

HEIGHT= «биіктік» Бұл бейнені пиксель бойынша биіктігіне теңестіреді.

ALIGN атрибутын мысал келесі кодта келтірілген:

```
<HTML><HEAD> <TITLE> IMG –tag <TITLE> </HEAD>
```

```
<img src= «int.gif» align= «TOP»> выравнивание вверх
```

```
<img src= «int.gif» align= «MIDDLE»> выравнивание по центру
```

```
<img src=«int.gif»align=«BOTTOM»> выравнивание вниз (по умалчанию)
```

```
</HTML>
```

Сіздің қарапайым шертуерге көркем альтернатива құру үшін пернелер эффектін құру арқылы, графикалық бейнелерге гиперсілтемелер құруыңыз мүмкін. Бірақ мәтінді және <A> тэгтерінің арасына орналастырудың орнына сіз олардың арасына тегін орнатасыз. Осыған мысал:

```
<HTML>
```

```
<A HREF=http://portal.nienschanz.ru:800/wwwrus/general/profile.html>
```

```
<IMG SRC="nienl.gif"></A>
```

```
<HR>
```

Отсюда вы можете посетить страницу с профайлом фирмы Ниеншанц.

```
<P>
```

```
http://portal.nienschanz.ru.800/wwwrus/general/profile.html
```

```
</HTML>
```

HTML Web бетті көрмірек етіп құру үшін кесте құру мүмкіндігін береді. Кестені құруды бастау үшін <TABLE> тәгі қолданылады. Оны аяқтайтын тэг </TABLE>. Олардың арасында кесте құру үшін керекті тегтердің барлығы орналасады.<TABLE> тәгі BORDER–n түріндегі рамка атрибутына ие болуы мүмкін. Ол ені n–пиксель рамка құрады.<TR> және </TR> тэгтері кесте бағандарын құту үшін қажетті барлық тегтерді қамтиды.<TR> тәгі ALIGN және VALIGN атрибуттарына ие болуы мүмкін.ALIGN ұяшықтағы мәліметтің орналасуын реттейді. Ол LEFT (сол жақ бойынша туырлау), RIGHT(оң жақ бойынша туырлау) және CENTER(ортасына туырлау). мәндеріне ие болуы мүмкін.VALIGN ұяшықтағы мәліметтің вертикаль орналасуын реттейді. ОлTOP(жоғарғы жақ

бойынша туырлау), BOTTOM(төменгі жақ бойынша) және MIDDLE(ортасы бойынша) мәндерін қабылдауы мүмкін. Сіз кестені сызып болған соң, оны толтыруға кірісесіз. Егер ұяшық кестенің мәліметін сақтаса, сіз оны <TD> және </TD> тэгтерімен көрсетесіз. <TD> және </TD> тэгтерінің аралығында орналасқан ұяшықта жазылады. Тақырып жазу үшін сіз <TH> және </TH> тэгтерін қолданасыз.

2.2 PHP тілінің негіздері

PHP тарихы 1995 жылы тәуелсіз Расмус Лердорф (Rasmus Lerdorf) атты программист–келісуші оның онлайндық резюмеcін оқыған сайтқа кіруші адамдар санын есептеуге арналған Perl/CGI сценариін жазуынан басталады. Оның сценариін екі есепті шешуге бағытталған: келушінің деректерін тіркеу және web–бетіне келушілердің санын шығару. WWW дамуы әзір тек басталғанда мұндай есептерді шешу үшін арнайы құралдар болған жоқ, сонда авторды халық сұрақтармен жауып тастады. Лердорф Personal Home Page (PHP) немесе Hypertext Processor (гипермәтінді үрдіс) атты өзінің аспабын тегін тарата бастады.

PHP–дің сәтті жарыққа шығуы Лердорфты PHP кеңейтілуін жобалауға итермеледі. Кеңейтілудің бірі HTML формасында енгізілген мәліметтерді символдық айнымалыларға түрлендіреді, ол оларды басқа да жүйелерге экспорттауға мүмкіндік береді. Берілген мақсатқа қол жеткізу үшін Лердорф келешектегі жобаларда Perl–дан C–ге өтуге шешім қабылдады. PHP –дегі аспаптар жиынын кеңейтілуі PHP 2.0 – нің тууына себепші болды, немесе 2.0, или PHP–FI (Personal Home Page — Form Interpretator). 2.0 нұсқасын дамытуда бүкіл дүниежүзінің программисттері ат салысқан.

PHP–дің жаңа нұсқасы танымал атаққа ие болды, және жақын арада негізгі жобалаушылар командасы құрылды. Олар программалық кодты HTML–ге ендірудің түпнұсқалық концепсиясын сақтай отырып, лексикалық анализ механизмін қайта жазды, осыдан келе PHP 3.0 жарыққа шықты. 3.0 нұсқасының шығуына жуыр 1997 жылы 50 000 астам қолданушы PHP–дің өздерінің web–беттерін жақсатуға қолданылған еді.

1997 жылы PHP–дің қысқартылуы «Personal Home page» деген мағынаны емес, «PHP Hypertext Processor» ұғымын білдіруі керектігі шешілді.

MySQL – дерекқордың көп ағымды ықшам сервері. MySQL үлкен жылдамдық, тұрақтылық және қодланыста жеңлдігімен сиптталады.

MySQL кіші және орта қосышаларды ең ықтимал шешуі болып табылады. Сервердің бастапқы мәтіні платформалардың көбісінде компиляцияланады.

PHP тілінің негіздері – Кодта барлық командалар үтірлі нүктемен (;) аяқталуы тиіс. Сіз үтірлі нүктемен аяқтай отырып бірнеше команданы бір жолда орналастыра аласыз. Бірақ программа кодының анықтылығы үшін оны істеу қажет емес. Сонымен қатар PHP–де басқарушы элементтер

(шартты операторлар, циклдер және т.б.) бар, олардан кейін үтірлі нүкте коюдың қажеті жоқ.

Программа кодына түсініктемелер енгізуге болады, олар HTML браузеріндегідей PHP–интерпретатормен сияқты қабылданбайды. Түсініктемелерді қолдану программистке сол мезетте не ойластырғанын еске түсіруге көмектеседі. Біржолдық түсініктеме екі тік слэш белгісімен (//) немесе «решетка» белгісімен (#), ал көпжолды ашылатын және жабылатын «жақшалармен» (/*және*/) жүзеге асырылады.

Айнымалылар – PHP–де айнымалылар доллар белгісінен (\$) басталады. Айнымалылар аты латын әріптерінен, сандардан символдық астыңғы сызықтардан(_) тұруы мүмкін. Айнымалылар аты әріптер регистріне сезімтал, демек \$a мен \$A – бұл әртүрлі айнымалылар. Айнымалыларды жариялағанда әдетте басқа тілдердегідей белгілі бір тип көрсетілмейді. Айнымалы типі (демек, ол сақтайтын мәндер типі) қолдану контексті бойынша анықталады.

PHP–де келесі айнымалылар типі болады:

- integer
- floating point
- string
- object
- array

«Бос» айнымалы VAR кілттік сөзімен жарияланады:

```
VAR $some_var;
```

Сонымен қатар айнымалы бірінші рет қолданғанда жариялануы мүмкін:

```
$some_var="value";
```

Integer типті айнымалылар құрамында –2 биллионнан +2 биллионға дейінгі ондық, сегіздік және оналтылық санау жүйесіндегі сандар бола алады.

Мысалы:

```
$var1=100;      /* Ондық мән */  
$var2=0144;    /* Сегіздік мән */  
$var3=0x64;    /* Оналтылық мән */
```

Floating point типті айнымалалар – бұл жылжымалы нүктелі (бөлшек) сан. Мысалы:

```
$var1=2.34;  
$var2=234e1;
```

Жол(string типті айнымалы) – бұл әріптер, сандар және арнайы символдар комбинациясы. Ол бірлік (апострофтар) немесе қос тырнақшамен беріледі. Егер жол қос тырнақшамен берілсе, онда ол құрамында айнымалылардың бар–жоқтығына тексеріледі.

Жолдық айнымалыларға мысал:

```
$var="23";  
$str1='Айнымалы құрамында $var мәні бар';  
$str2="Айнымалы құрамында $var мәні бар";
```

Біздің айнымалыларымызды шығаруда сәйкесінше аламыз:

Айнымалы құрамында \$var мәні бар

Айнымалы құрамында 23 мәні бар

Мүмкін, сізге жолға арнайы символдар енгізу керек болар. Мысалы, сіз кері слэшті (\) қолдана отырып қос тырнақшаны (“) шығара аласыз. Егер

```
$str1=" "Графика" фирмасы ";
```

деп жазсақ онда қате тудырады, бірақ егер кері слэшті (\) қолдансақ

```
$str1=" \"Графика\" фирмасы ";
```

онда қате болмайды.

2.2.1 кестеде жолдық мәндерде қолданылатын Escape–тізбектері (кері слэш және арнайы символдар) сипатталған.

2.2.1 кесте – PHP тілінде қолданылатын Escape–тізбектері

Escape–тізбектері	Мәндері
\n	Жаңа жол басы
\r	Каретка ауыстыру
\t	Табуляция символы
\\	(\) символы
\"	(") символы
\\$	(\$) символы
\0	Сегіздік мән
\x	Оналтылық мән

Объекттер (object типті айнымалы) класс экземпляры. Объектті құру үшін ең алдымен классты құру керек. Класс олармен жұмыс істеуге арналған айнымалылар мен функциялардан тұрады.

array типті айнымалылар массивтерді жариялағанда қолданылады. PHP–де массивтің екі түрі болады:

– бүтінсанды индекстері бар массив

– индекстелген жолдары (хэш) бар массив

Мысалы, төрт мәннен тұратын массивті құру үшін келесіні жазу керек:

```
$myarr=array("value1", "value2", "value3", "value4");
```

Массивке орналастырылған әрбір элементке индекс тіркеледі (0–ден бастап). Осылайша, \$myarr[0] бізге “value1”–ді, ал \$myarr[3] “value4”–ті береді, Әрине, массивке \$myarr[]=”value5”; элементін қосуға болады.

Хэшти келесідегідей құруға болады:

```
$myhash=array('size'=>'large', 'style'=>'italic', 'family'=>'Arial');
```

Операциялар – PHP операцияның бірнеше түрін қолдайды:

– меншіктеу;

– арифметикалық операциялар;

– логикалық операциялар;

– конкатенция;

– салыстыру.

Арифметикалық операциялар – 2.2.2 кестеде арифметикалық операциялар қысқа түрде келтірілген

2.2.2 кесте – Арифметикалық операциялар

Опера тор	Опера цияға мысал	Сипаттамасы
+	$\$a+\b	$\$a$ мен $\$b$ айнымалыларының қосындысын есептеу
–	$\$a+-\b	$\$a$ мен $\$b$ айнымалыларының айырмасын есептеу
*	$\$a*\b	$\$a$ мен $\$b$ айнымалыларының көбейтіндісін есептеу
/	$\$a+/\b	$\$a$ мен $\$b$ айнымалыларының бөліндісін есептеу
%	$\$a\%\b	$\$a$ айнымалысын $\$b$ айнымалысына модуль бойынша бөліндінің қалдығын есептеу

Логикалық операциялар (2.2.3 кесте) белгілі бір критериялар бойынша анықтайды, қайтарылатын мән ақиқат (true) не жалған (false) екендігін.

2.2.3 кесте – Логикалық операциялар

Опер атор	Опера цияға мысал	Сипаттамасы
and не &&	$\$a$ and $\$b$ $\$a$ && $\$b$	Егер екі айнымалының да мәндері ақиқат болса, true мәнін қайтарады
or не 	$\$a$ or $\$b$ $\$a$ $\$b$	Егер ең болмағанда бір айнымалының мәні ақиқат болса, true мәнін қайтарады
not не !	not $\$a$! $\$a$	Логикалық терістеу, айнымалы мәнін иверттеу

Салыстыру операциясы екі айнымалы не мәндер арасындағы қатынасты анықтайды және true немесе false мәндерін қайтарады. Салыстыру операторлары 2.2 .4 кестеде келтірілген.

2.2 .4 кесте – Салыстыру операторлары

Оператор	Сипаттамасы
==	Тең
!=	Тең емес

>	Артық
<	Кем
Оператор	Сипаттамасы
>=	Артық не тең
<=	Кем не тең

Басқару құрылымдары – PHP программа жұмысының бірнеше басқару құрылымын қолдайды. Оларға if, for, while, swith және т.б. жатады, if/ elseif

Берілген құрылым программалық логиканы жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сіз түрлі өрнектерді тексере аласыз және тексеру нәтижесіне байланысты сол не басқа әрекеттерді орындай аласыз. Базалық синтаксисті келесідегідей сипаттауға болады:

```
<?php
if (өрнек1)
{
әрекет1;
}
elseif (өрнек2)
{
әрекет2;
}
else
{
үнсiздiк бойынша әрекет;
}
?>
```

әрекет1 мен әрекет2 тек if шартында өрнек1 немесе elseif шартында өрнек2 ақиқат болғанда ғана орындалады. Егер де сипатталған барлық өрнектер жалған болған жағдайда үнсiздiк бойынша әрекет орындалады.

for мен foreach

for цикл операторы берілген код блогын берілген рет (итерация) орындайды.

```
<?php
for (өрнек1; өрнек2; өрнек3)
{
әрекет;
}
?>
```

Параметрлер өрнек1 – қайталау санағышының бастапқы мәні; өрнек2 – сәйкесінше FOR циклінің орындалуы тоқтатылатын критерий сипаттамасы (шарт), өрнек3 – санағыш мәнінің өзгертілуі (көбею не азаю).


Нәтиже 1.4 суретте келтірілген.

FOREACH құрылымы сандық массив немесе хэштің элементтерін таңдап шығу үшін арналған.

```
<?php  
foreach ($array as $value)  
{ PHP-код }  
?>
```

Хэш болған жағдайда синтаксис келесідегідей болады:

```
